

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## Заң факультеті

### Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы

Келісілген:  
Факультет деканы  
\_\_\_\_\_ Д.Л. Байдельдинов

"20" \_\_06\_\_ 2012 ж.

Университеттің ғылыми-әдістемелік  
кеңесінде бекітілді

Хаттама №\_5\_«22» 06 2012 ж.

Оқу жұмысы жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Әбдібеков У.С.

"\_\_22\_\_" \_\_06\_\_ 2012 ж.

## ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

### Криминалистика

(пәннің аты)

Мамандық 5В030100 Құқықтану

(шифры, аты)

Оқу түрі күндізгі

(күндізгі, сырттай)

Алматы 2012 ж.

ПОӘК дайындаған қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті, з.ғ.к. Атаханова Г.М.

Республикалық жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2006 жылдың 22-маусымдағы хаттамалық шешімімен бекітілген және күшіне енгізілген «Криминалистика» пәнінен типтік оқу бағдарламасының негізінде әзірленді.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«12» 06 2012 ж., хаттама №37

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

Р.Е.Джансараева

**Факультеттің әдістемелік (бюро) кеңесінде ұсынылды.**

«20» 06 2012 ж., хаттама № 10

Төрағасы (Төрайымы) \_\_\_\_\_

С.Ш.Даубасова

## Оқу - әдістемелік кешен әл -Фараби атындағы ҚазҰУ

Шифр: 050301

Пән: Криминалистика

Силлабус

### 1. Криминалистика

2. Оқыту формасы – күндізгі (4 жыл )

3. Кредит көлемі – криминалистика пәнін оқыту үшін 3 кредит бөлінген, 7-семестр, нәтижелі бақылау – емтихан, аралық бақылау – 2, лекция – 15 сағат, лабораторлық сабақтар – 60 сағат, студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы – 20 сағат, студенттің өзіндік жұмысы – 70 сағат, сабақ кестесі 2+0+4.

4. Лектор – кафедра доценті, з.ғ.к Атаханова Г.М., лабораторлық сабақтар мен СОӨЖ, СӨЖді кафедра оқытушылары жүргізеді.

5. Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы және криминалистика кафедрасы – 413, 407 аудиториялары. Тел. 3773331-5, ішкі 1260, 1263.

курс	семестр	Кредит саны	Апта бойынша сағаттар				Бақылаудың түрі	
			Контакттік сағаттар		СОӨЖ	СӨЖ		барлығы
			Дәріс	тәжірибелік сабақ				
4	7	3	15	60	20	70	165	Емтихан

### 6. Курстың қысқаша сипатамасы.

**Криминалистика** – 4 курста оқытылады. Ол қылмыстық-құқықтық циклінің негізгі мамандырылған пәні болып табылады. Бұл пән дәлелдемелер мен қолдың, аяқтың, көлік, бұзу құралдарының және өзге де іздермен жұмыс жасауда ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды қолдануда кәсіби дағдыға баулиды, тергеу әрекеттерін (оқиға болған жерді қарау, жауап алу, тергеу эксперименті және т.б.) жүргізудің тактикалық тәсілдеріне, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау әдістеріне үйретеді, қылмыстың жасалу заңдылықтары туралы білім береді және жекеленген қылмыс түрін (кісі өлтіру, ұрлық, тонау, шабуыл жасап тонау, жалған банкроттық және т.б.) тергеу бағдарламасын оқып үйретеді. Бағдарламаның мақсаты: криминалистика пәнін оқып-үйрену қылмыстың салдары бойынша қылмыскердің жеке басы мен әрекет ету сипатын анықтауға, криминалистік ақпараттарды дұрыс пайдалана білуге, сондай-ақ, криминалистік әдіс-тәсілдерді білуге қылмыстың ізін суытпай ашып, оны дұрыс тіркеп, жекелеген заттай дәлелдемелерді тиімді түрде зерттеуге бағытталған. Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу жөніндегі тактикалық әдістер мен методикалық ұсыныстарды игеру қылмыстың дер кезінде ашылып, тергеу сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды.

Қылмыстық статистиканың мәліметтерінен көрініп отырғанындай, соңғы жылдары елімізде қылмыстың өршуі, оның ішінде аса қауіпті қылмыстардың жасалу санының одан әрі өсуі байқалады. Бұл құқық қорғау, оның ішінде тергеу және жедел-іздістіру органдарының жұмыстарын одан әрі жетілдіруді, олардың қазіргі заманғы криминалистік тәсілдер мен әдістерді іскерлікпен пайдалануын, қылмыстың алдын алу, оның болуына себеп болған жағдайларды дер кезінде жою үшін арнайы шаралар қолдануын талап етеді. Құқық қорғау органдарының криминалистикалық тәсілдерді біліп, оларды шебер пайдалануы осы органдардың қылмысқа қарсы күрес жұмыстарының іскерлігін және нәтижелілігін арттырады. Криминалистика тергеу практикасын талдап қорыту арқылы қылмысты ашуға бейімді тәсілдерді, қолданатын техникалық құрал-саймандарды тергеу қызметкерлеріне дайындап береді, тергеу әрекеттерінің нәтижелілігін арттыратын тактикалық әдістерді, жеке қылмыстарды сапалы тергеуге бағытталған методикалық нұсқауларды тергеу орындарына ұсынады.

### 7. Пән оқудың мақсаты:

**Криминалистика пәнін оқыту мәселесі:** студенттердің криминалистика пәні бойынша алған білімдерін тәжірибеде тиімді пайдалануға үйретуге бағытталған, бұл құқық қорғау органы қызметкерлерінің кәсіптік дайындығының көрсеткіші болып табылатындығы.

Криминалистика сабағында қылмыстылықпен күресіде тәжірибелік дағданың қалыптасуымен қатар, қылмысты алдын алу, соның ішінде ұйымдасқан топпен жасалатын қылмыстардың профилактикалық шаралары туралы мағлұмат алады. Тергеуші, прокурор, сот, сарапшы, адвокат кәсіби қызметін криминалистикалық білімсіз жүзеге асыра алмайды.

### 8. Пән пререквизиттері:

– криминалистика курсың толық меңгеру үшін алдындағы оқытылатын пәндерді білу қажет: қылмыстық құқық, қылмыстық істер жүргізу құқығы, криминология, құқық қорғау органдары. Криминалистика қылмыстарды ашу мен тергеу барысында осы ғылым мәліметтерін жүзеге асыру ережелеріне үйретеді.

### 9. Пән постреквизиттері:

– криминалистика сот сараптамасы, сот медицинасы, сот психиатриясы пәндерін оқып үйренуге жәрдемдеседі. Кәсіби дағдының қалыптасуы көрсетілген пәндер кешенін оқып үйренбей мүмкін емес.

### 10. Календарлы-тематикалық жоспар ( күндізгі бөлім)

апта ның №	Пән бөлімдерінің аттары	Сағат саны			
		дәріс	СӨЖ	СӨЖ	Тәжірибелік абақ
1	<b>Модуль 1.</b> Криминалистика ның теориялық және методологиялық негіздері	1	1 реферат: -криминалистикалық идентификация және диагностика	5	2
	<b>Модуль 2</b> Криминалистикалық техника				
2	Криминалистикалық техника және криминалистикалық фотосурет		1 реферат -криминалистикалық техниканың құрылысы	альбом	8
3	Трасология	1	1 реферат -бұзу және көлік құралдарының іздері	альбом	4
4	Криминалистикалық баллистика	1	1 реферат -сот баллистика объектілерін табу және қа	альбом	4
5	Құжаттарды криминалистикалық зерттеу	1	1 реферат -қолжазба белгілерінің үлгілерінің түсінігі -құжаттардың реквизиттік зерттеу	альбом	4
6	Криминалистикалық габитология және криминалистикалық есепке алу	1	1 реферат - криминалистикалық т объекттері, мақсаттары және тіркеудің тәртібі	альбом	4
7	Криминалистикалық		1 реферат		

	техниканың басқада бағыттары		-материал мен зерттеу криминалистикалық зерттеу		
	<b>Модуль 3.</b> Криминалистикалық тактика		1 реферат Криминалистикалық түсінігі, құрылысы		2
8	Тергеу қарау тактикасы	2	1 реферат - қараудың кезендері тәсілдері	хаттама	6
9	Тінту тактикасы	1	1 реферат - тінтудің кезендері тәсілдері	хаттама	4
10	Жауап алу тактикасы	1	1 реферат - жауап алғанда сипаттама байланысты қолдану тактикалық тәсілдер	хаттама	4
11	Тергеу экспериментінің,	1	1 реферат -тергеуэкспериментінің кезендері, -	хаттама	4
12	тану үшін корсету, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру тактикасы		реферат -тану үшін корсетудің түрлері, олардың тактикасы - айғақтарды оқиға болған жерде тексерудің кезендері.		4
	<b>Модуль 4.</b> Криминалистикалық әдістеме				
13	Қылмыстың жекеленген түрлерін тергеу әдістемесі	1	3 реферат - криминалистикалық әдістемесінің құрылымы мен негізгі ұғымдары - қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы (түсінігі элементтері) - тергеу болжауының түсінігі		2
14	Жеке тұлғаларға қарсы қылмыстарды тергеу.	1	реферат - тергеу ситуацияға байланысты алғашқы кезені		4
14	Меншікке қарсы қылмыстарды тергеу	1	реферат - тергеу ситуацияға байланысты алғашқы кезе		2
15	Есірткі мен психотроптық заттармен байланысты жасалынатын қылмыстарды тергеу	1	реферат - тергеу ситуацияға байланысты алғашқы кезе		2
<b>Барлығы:</b>		15	20		60